

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Сағынғали Диас Бауыржанұлы

Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін есептеу

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07101 - «Энергетика»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Энергетика» кафедрасының
меңгерушісі

PhD, қауымдастырылған
профессор
Е.А. Сарсенбаев
«17» мамыр 2023ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
профессор
Е.А. Сарсенбаев
И.И. Сатбаев
Институт энергетической
и машиностроения » _____ 2023ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін есептеу»

6B07101-«Энергетика»

Орындаған

Сағынғали Д.Б.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд.,
аға оқытушы

Ғылыми жетекші
аға оқытушы

С.А.Юсупова
(қолы)

Р.Ш. Абитаева
(қолы)

«17» мамыр 2023ж.

«15» мамыр 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6B07101-«Энергетика»

БЕКІТЕМІН

«Энергетика» кафедрасының
меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған
профессор

 Е. А. Сарсенбаев
«16» 01 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Сағынғали Диас Бауыржанұлы

Тақырыбы: «Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін есептеу»

Университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры бекіткен

Бұйрық № 408-п «28» қараша 2022 ж.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» мамыр 2023 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері: 180км, 220км, 200км, 230км, 190км, 380МВт, 350МВт, 400МВт, 320МВт желінің қуаттары және арақашықтығы берілген. Осы берілген мәндерге сүйене отырып электр торабын жобалау және сапа параметрлерін анықтап, талдау.

Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны: Электрлік қосалқы станцияларының тиімді схемасын таңдау; кернеу және қуат шығындарын есептеу; шығындар арқылы есептік жүктемелерді есептеу; электр энергиясының сенімділік көрсеткіштерін есептеу және оларды жақсарту жолдарын қарастыру.




Сызбалық материалдар тізімі сызбалық материалдар слайдтармен көрсетілген:


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 14 атау.


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	17.04.2023	жоқ
Арнайы бөлім	26.04.2023	жоқ
Экономика бөлімі	5.05.2023	жоқ

Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, А.Ә.Т. (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Р. Ш. Абитаева, аға оқытушы	15.05.2023	
Экономика бөлімі	Р. Ш. Абитаева, аға оқытушы	15.05.2023	
Норма бақылау	Ә. О. Бердібеков, магистр, аға оқытушы	01.06.2023	

Жоба жетекші  Р. Ш. Абитаева
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған студент  Д.Б. Сағынғали
(қолы)

Күні «06» 02 2023 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс "Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін есептеу" тақырыбына жасалған. Дипломдық жұмыста кернеуі 500/220/20 кВ электр желілері есептелді, электр желілерінің алмастыру схемалары жасалды және параметрлері есептелді, қосалқы станциялардағы күштік трансформаторлар мен сым қималары таңдалды, активті және реактивті қуаттың шығыны және жүктеме түйіндері бойынша кернеудің шығыны есептелді. Ең үнемді схеманы таңдау үшін техникалық-экономикалық есептеу жүргізілді.

Арнайы бөлімде электрмен жабдықтау жүйелерінің сенімділігі теориясының негізгі ережелері қарастырылады: математикалық негіздер, сенімділік сипаттамаларының түсініктері мен анықтамалары. Электрмен жабдықтау жүйелерін жобалау және пайдалану кезіндегі сенімділікті есептеу теориясы мен әдістерінің негіздері келтірілген. Сенімділік теориясының негізгі бөлімдері бойынша ӘБЖ және қосалқы станцияның сенімділігіне есептеулер жүргізілді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа выполнена на тему «Расчет показателей надежности электросети». В дипломной работе произведены расчеты электрических сетей напряжением 500/220/20 кВ, построены схемы замещения ЛЭП и расчет параметров, выбраны сечения проводов и мощности силовых трансформаторов на подстанциях, произведены расчеты потерь активной и реактивной мощности и потери напряжения по узлам нагрузки. Проведен технико-экономический расчет для выбора наиболее экономичной схемы.

В специальном разделе рассмотрены основные положения теории надежности систем электроснабжения: математические основы, понятия и определения характеристик надежности. Излагаются основы теории и методы расчета надежности при проектировании и эксплуатации систем электроснабжения. По основным разделам теории надежности проводил расчеты надежности ВЛЭП и подстанции.

ANNOTATION

The thesis was performed on the topic "Calculation of reliability indicators of the power grid". In the thesis, calculations of electrical networks with a voltage of 500/220/20 kV were made, replacement circuits of power lines and calculation of parameters were constructed, wire sections and power of power transformers at substations were selected, calculations of active and reactive power losses and voltage losses at load nodes were made. A technical and economic calculation was carried out to select the most economical scheme.

In a special section, the main provisions of the theory of reliability of power supply systems are considered: mathematical foundations, concepts and definitions of reliability characteristics. The fundamentals of the theory and methods of calculating reliability in the design and operation of power supply systems are presented. Carried out calculations on the reliability of the ATL and substation according to the main sections of the reliability theory.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Электр тораптарын жобалау	8
1.1	Электр беріліс желісінің схемаларын құру нұсқалары	8
1.2	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	10
1.3	Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау	11
1.4	Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
1.5	Тұйықталған жүйені есептеу	18
1.5.1	Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері	18
1.5.2	Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу	19
1.5.3	Тұйықталған жүйе үшін желілердің қуат шығындары	23
1.6	Тұйықталмаған жүйелерді есептеу	24
1.6.1	Бірінші тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу	24
1.6.2	Бірінші тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары	26
1.6.3	Екінші тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу	27
1.6.4	Екінші тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары	30
1.7	Техника-экономикалық есептеулер	31
1.7.1	Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар	31
1.7.2	Бірінші тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар	34
1.7.3	Екінші тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар	36
1.8	Кернеу шығындарын есептеу	37
1.9	Қысқаша тұйықталу тогын есептеу	40
1.10	Электр аппараттарын таңдау	43
2	Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін есептеу	47
2.1	Электр желілерінің сенімділік көрсеткіштері	47
2.2	Әуе электр беріліс желілерінің және күштік трансформаторлардың зақымдану себептері мен сипаты	54
2.3	Жобаланған электр беріліс желісінің сенімділік көрсеткіштерін анықтау	55
2.4	Климаттық аймақтар және сенімділікке әсер ететін факторлар	60
2.5	Электр желісінің сенімділік көрсеткіштерін жақсарту	62
	Қорытынды	64
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	65

КІРІСПЕ

Техникалық прогресті анықтайтын ғылым мен техниканың (автоматика, электроника, энергетика және байланыс) негізгі салаларын дамыту қазіргі уақытта күрделі функционалды құрылғыларға кіретін элементтер мен жүйелердің сенімділігі мәселелерін шешпей және есептемей мүмкін емес. Бұл сенімділіктің жалпы теориясын дамытуға, сенімділік пен сәтсіздік функциясы, орташа жұмыс уақыты, сәтсіздік қарқындылығы және т. б. сияқты сенімділіктің негізгі критерийлері мен сипаттамаларын анықтауға жақсы ынталандыру болды.

Электр энергетикалық жүйелердегі сенімділікті есептеу теориясы мен инженерлік әдістерінің дамуы аталған салаларға қарағанда кешірек басталды. Жалпы сенімділік теориясының позицияларын электр жүйелерінің әртүрлі буындарына механикалық тасымалдау мүмкін емес. Оларды электрмен жабдықтау жүйелерінің ерекшеліктеріне байланысты нақтылау және бейімдеу қажет. Қазіргі уақытта көптеген жұмыстар сенімділік мәселелеріне арналған, олар бүкіл әлемде үлкен қызығушылық тудырады. Алайда, осы саладағы көптеген жұмыстарға қарамастан, қазіргі уақытта бұл тақырыптың өзектілігі төмендемейді.

Техникадағы сенімділік дегеніміз – бұл құрылғы немесе жүйе берілген жұмыс жағдайында белгілі бір уақыт аралығында өз функцияларын толық көлемде орындайтын ықтималдығы. Электрмен жабдықтау жүйелерінің сенімділігі тұтастай алғанда оларды құрайтын электр қондырғыларының: электр станцияларының, электр желілерінің, трансформаторлық қосалқы станциялардың сенімділігімен анықталады. Электр қондырғылары мен жүйелерін жобалау және пайдалану процесінде олардың сенімділігін сақтау үшін оның сандық шаралары болуы керек.

Пайдалану процесінде электр қондырғылары әртүрлі факторлардың әсерінен болады: жоғары ылғалдылық, агрессивті орта, шаң, қолайсыз атмосфералық құбылыстар, сондай-ақ механикалық және электрлік жүктемелер. Электрмен жабдықтаудың үзілістері өндірістің тоқтап қалуына, шығарылатын өнім көлемінің төмендеуіне, негізгі технологиялық жабдықтың бұзылуына әкеледі. Электрмен жабдықтау жүйелерінің электр қондырғыларының алуан түрлілігіне қарамастан, олардың сенімділігін есептеу әдістері бірыңғай теориялық негізге негізделген. Сенімділік теориясының қолданылатын математикалық аппараты ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика, математикалық логика және т. с. с. заманауи математиканың салаларына негізделген.

1 Электр тораптарын жобалау

Өртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың электрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділіген қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді.

1.1-кесте – Бастапқы берілгені


$P_1, \text{МВт}$	$P_2, \text{МВт}$	$P_3, \text{МВт}$	$P_4, \text{МВт}$	$L_1, \text{км}$	$L_2, \text{км}$	$L_3, \text{км}$	$L_4, \text{км}$	$L_5, \text{км}$
380	350	400	320	180	220	200	230	190

Қосымша берілген мәндер:


$T_{\max} = 5600 \text{ сағ}$; $\cos\varphi = 0,9$; $\tan\varphi = 0,48$; Көктайғақ бойынша II-ші аудан

1.1 Электр беріліс желісінің схемаларын құру нұсқалары


Желі схемасы мен конфигурациясының (пішім үйлесімділігі) таңдап алу өте күрделі, өйткені желі сенімділік, үнемділік, пайдалануға қойылатын, қауіпсіздіктерімен даму мүмкіндігіін шарттарын қанағаттандыру тиіс.



1.1-сурет – Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы



1.2-сурет – Бірінші тұйықталмаған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы



1.3-сурет – Екінші тұйықталмаған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы

Осы дипломдық жұмыста мен үш схеманы қарастырамын. Біріншісі тұйықталған 1.1-суретте көрсетілген, екіншісі және үшіншісі тұйықталмаған 1.2 және 1.3-суретте көрсетілген қарастыратынымыз осындай схемалар болып келеді. Бізге, экономикалық жағынан тиімді және тұтынышыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Осыған байланысты бізге ең тиімді сұлба таңдау басты шарттардың біріне кіреді. Сонымен, екі сұлбаны қарастырамыз. Айтып кеткенде, тұйықталмаған желілерде барлық түйіндер бір ғана тармақтан қоректенеді. Қарапайым тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректеніп береді, яғни жоғары дәрежеде тұтынышыларға электр таратудың сенімділігі.

1.2 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желінің номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуінің мәні төмен желі жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Сол үшін Г.А. Илларионов формуласын қолданамыз.

Бөлек сызықты электр беріліс желісінің номиналды кернеуі ең алдымен екі параметрлі функциямен: желімен таратылатын P қуат, және де сол қуат таратылатын L қашықтыққа. Соған байланысты желінің номиналды кернеуін табудың, әр түрлі авторлармен ұсынылған бірнеше эмпирикалық формулалары болады. Мен өзімнің курстық жұмысымда Илларионовтың және Стиллдың формуласына жүгіндім. Себебі, осы формулалар кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді.

Г.А. Илларионов формуласы бойынша номиналды кернеуі осы формула бойынша анықталады:

$$U = \frac{1000}{\sqrt{500/L + 2500/P}}, \text{ кВ} \quad (1.1)$$

мұндағы U -желідегі кернеу, кВ;
 S -толық қуат, МВА;
 L -желінің ұзындығы, км;
 P -активті қуат, кВт.

$$U_1 = \frac{1000}{\sqrt{500/180 + 2500/380}} = 327 \text{ кВ},$$

$$U_2 = \frac{1000}{\sqrt{500/220 + 2500/350}} = 326 \text{ кВ},$$

$$U_3 = \frac{1000}{\sqrt{500/200 + 2500/400}} = 338 \text{ кВ},$$

$$U_4 = \frac{1000}{\sqrt{500/230 + 2500/320}} = 316 \text{ кВ}.$$

Одан әрі желінің номиналды кернеуін 500 кВ аламыз, кернеуді анықтаған соң, желінің активті және реактивті қуаттарын табамыз, біздің жағдайда активті қуат бізге белгілі

$$Q = P \cdot \operatorname{tg} \varphi, \text{ МВар} \quad (1.2)$$

$$Q_1 = 380 \cdot 0,48 = 182 \text{ МВар},$$

$$Q_2 = 350 \cdot 0,48 = 168 \text{ МВар},$$

$$Q_3 = 400 \cdot 0,48 = 192 \text{ МВар},$$

$$Q_4 = 320 \cdot 0,48 = 154 \text{ МВар}.$$

$$S_{\text{н}} = \sqrt{P^2 + Q^2}, \text{ МВА} \quad (1.3)$$

мұндағы P - активті жүктеме, кВт;

Q – реактивті жүктеме, квар

$$S_1 = \sqrt{380^2 + 182^2} = 421 \text{ МВА},$$

$$S_2 = \sqrt{350^2 + 168^2} = 388 \text{ МВА},$$

$$S_3 = \sqrt{400^2 + 192^2} = 444 \text{ МВА},$$

$$S_4 = \sqrt{320^2 + 154^2} = 355 \text{ МВА}.$$

1.3 Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау

Күштік трансформаторлардың типін және қуатын анықтау

Қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{н}}}{1,4}, \quad (1.4)$$

мұндағы, $S_{\text{н}}$ – толық жүктеме, МВА.

Қосалқы станциялардағы жүктеме мен номиналды кернеу бойынша таңдалады

№1 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{тр1}} \geq \frac{421}{1,4} = 301 \text{ МВА}.$$

1.2- кестеде №1 қосалқы станция үшін таңдалған ТЦ – 400000/500 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

1.2-кесте – ТЦ-400000/500 типті трансформатордың параметрлері

$S_{\text{ном}}, \text{MBA}$	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$
	ВН	НН	P_x	P_k		
400	525	20	350	800	0,4	13

№2 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{тр2}} \geq \frac{388}{1,4} = 277 \text{ MBA.}$$

№2 қосалқы станция үшін ТЦ – 400000/500 типті трансформатор таңдалады. Бұл трансформатордың параметрлері жоғарғы 1.2-кестеде келтірілген.

№3 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{тр3}} \geq \frac{444}{1,4} = 317 \text{ MBA.}$$

№3 қосалқы станция үшін АДЦТН – 500000/500/220 типті автотрансформатор таңдалады. Бұл трансформатордың параметрлері жоғарғы 1.3-кестеде келтірілген.

1.3-кесте – АДЦТН-500000/500/220 типті трансформатордың параметрлері

$S_{\text{ном}}, \text{MBA}$	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_x \%$	$U_k, \%$
	ВН	НН	P_x	P_k		
500	500	230	230	1050	0,3	11,5

№4 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{тр4}} \geq \frac{355}{1,4} = 254 \text{ MBA.}$$

1.2 - кестеде №4 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТЦ – 400000/500 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

1.4 Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу

Трансформаторлардың активті және реактивті қуатын шығындарын келесі формула арқылы табамыз:

Трансформатордың активті меншікті кедергісі:

$$r_{\text{тр}} = \frac{P_{\text{к}} \cdot U_{\text{ном}}^2}{S_{\text{трн}}^2}, \text{ Ом} \quad (1.5)$$

мұндағы $U_{\text{н}}$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;

$\Delta P_{\text{к}}$ – трансформатордың қысқа тұйықталу кезіндегі активті шығын, кВт;

Трансформатордың реактивті меншікті кедергісі:

$$x_{\text{тр}} = \frac{U_{\text{к}} \cdot U^2}{100 \cdot S_{\text{к}}}, \text{ Ом} \quad (1.6)$$

$$\Delta Q = \frac{I_{\text{х}} \cdot S_{\text{трн}}}{100}, \text{ МВАр} \quad (1.7)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{хх}}$ – трансформатордың бос жүріс кезіндегі активті шығын, кВт;

$\Delta Q_{\text{хх}}$ – трансформатордың бос жүріс кезіндегі реактивті шығыны, квар;

$I_{\text{х}}$ – трансформатордағы бос жүріс тоғы, %.

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot r_{\text{тр}}, \text{ МВт} \quad (1.8)$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot x_{\text{тр}}, \text{ МВАр} \quad (1.9)$$


мұндағы $U_{\text{н}}$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;

$r_{\text{тр}}$ – трансформатордың активті меншікті кедергісі, Ом;

$x_{\text{тр}}$ – трансформатордың реактивті меншікті кедергісі, Ом.

№1 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТЦ-400000/500 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.4 – суретте көрсетілген.



1.4-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

Параметрлері:

$$r_{\text{тр}} = \frac{0,8 \cdot 525^2}{400^2} = 1,4 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{тр}} = \frac{13 \cdot 525^2}{100 \cdot 400} = 89,5 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{xx}} = \frac{0,4 \cdot 400}{100} = 1,6 \text{ МВАр},$$

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{380^2 + 182^2}{525^2} \cdot 1,4 = 0,9 \text{ МВт},$$


$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{380^2 + 182^2}{525^2} \cdot 89,5 = 57,6 \text{ МВАр}.$$

$$P_1' + jQ_1' = (380 + 0,9) + j(182 + 57,6) = 380,9 + j239,6$$

$$P_1 + jQ_1 = (380,9 + 0,35) + j(239,6 + 1,6) = 381,3 + j241,2$$

№2 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТЦ-400000/500 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.5 – суретте көрсетілген.



1.5-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

Параметрлері:

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{350^2 + 168^2}{525^2} \cdot 1,4 = 0,8 \text{ MBт},$$


$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{350^2 + 168^2}{525^2} \cdot 89,5 = 48,9 \text{ МВАр}.$$

$$P_2' + jQ_2' = (350 + 0,8) + j(168 + 48,9) = 350,8 + j216,9$$

$$P_2 + jQ_2 = (350,8 + 0,35) + j(216,9 + 1,6) = 351 + j218,5$$

№3 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: АДЦТН – 500000/500/220 автотрансформатордың алмастыру схемасы 1.6 – суретте көрсетілген.



1.6-сурет – Автотрансформатордың алмастыру схемасы

Параметрлері:

$$\Delta P_H = \frac{160^2 + 76,8^2}{500^2} \cdot 1,05 = 0,13 \text{ MBт},$$

$$\Delta Q_H = \frac{160^2 + 76,8^2}{500^2} \cdot 57 = 7,2 \text{ MBАр}.$$

$$\Delta P_C = 0 \text{ MBт},$$

$$\Delta Q_C = \frac{240^2 + 115,2^2}{500^2} \cdot 57 = 16,2 \text{ MBАр}.$$

$$\Delta P_B = \frac{400,13^2 + 215,4^2}{500^2} \cdot 1,05 = 0,9 \text{ MBт},$$

$$\Delta Q_B = \frac{400,13^2 + 215,4^2}{500^2} \cdot 57 = 47,1 \text{ MBАр}.$$

$$P_4^H + jQ_4^H = (160 + 0,13) + j(76,8 + 7,2) = 160,13 + j84$$


$$\begin{aligned} P_4^{\text{`}} + jQ_4^{\text{`}} &= (160,13 + 240) + j(84 + 131,4) \\ &= 400,13 + j215,4 \end{aligned}$$

$$P_4^B + jQ_4^B = (400,13 + 0,9) + j(215,4 + 47,1) = 401 + j262,5$$

$$P_4 + jQ_4 = (401 + 0,23) + j(262,5 + 1,5) = 401,2 + j264$$

№4 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТЦ-400000/500 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 1.7 – суретте көрсетілген.



1.7-сурет – Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

Параметрлері:

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{320^2 + 154^2}{525^2} \cdot 1,4 = 0,6 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{320^2 + 154^2}{525^2} \cdot 89,5 = 41 \text{ МВАр}.$$

$$P_5^{\cdot} + jQ_5^{\cdot} = (320 + 0,6) + j(154 + 41) = 320,6 + j195$$

$$P_5 + jQ_5 = (320,6 + 0,35) + j(195 + 1,6) = 321 + j196,6$$

1.5 Тұйықталған жүйені есептеу

Қарапайым тұйықталған желілерге сақиналы желілер және екі жақты қуаты бар желілер жатады. Тұйықталған режимде әдетте кернеуі 110 кВ және одан жоғары желілер қолданылады.


Кернеуі 110 тұйықталмаған қоректендіру желілерін есептеуге ұқсас 500 кВ жабық желі режимдерін есептеуді үш кезеңге бөлуге болады. Алмастыру схемасының параметрлері анықталған алғашқы екі кезең және есептік жүктемелер

Бірінші кезеңде қуат шығындарын есепке алмай қуаттарды бөлу. Мұнда алдымен бас учаскелердегі қуаттар есептеледі. Көздердің кернеуі тең болған кезде.

1.5.1 Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, қуаттың шамасы жуық мәндермен анықтылыды. Радиальды желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады, ол 1.8-суретте электр беріліс желісінің схемасы көрсетілген.

Тұйықталған желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендірілетін желі сияқты анықталады.



1.8-сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

$$P_A = \frac{\sum P \cdot l}{\sum l}, \text{ МВт} \quad (1.10)$$

мұндағы l – желінің ұзындығы, км.

$$P_A = \frac{320 \cdot (180 + 220 + 200 + 230) + 400 \cdot (180 + 220 + 200) + 350 \cdot (180 + 220) + 380 \cdot 180}{180 + 220 + 200 + 230 + 190} = 700 \text{ МВт},$$

$$Q_A = 700 \cdot 0,48 = j336 \text{ МВАр.}$$

$$P'_A = \frac{\sum P' \cdot l}{\sum l}, \text{ МВт} \quad (1.11)$$

$$P'_A = \frac{380 \cdot (180 + 220 + 200 + 230) + 350 \cdot (220 + 200 + 230) + 400 \cdot (180 + 220 + 200 + 230) + 320 \cdot 230}{180 + 220 + 200 + 230 + 230 + 190} = 750 \text{ МВт,}$$

$$Q'_A = 750 \cdot 0,48 = j360 \text{ МВАр.}$$

$$P_A + P'_A = 700 + 750 \text{ МВт,}$$

$$Q_A + Q'_A = 336 + 360 \text{ МВАр.}$$

$$S_{1-2} = P'_A - Q'_A - S_2, \text{ МВА} \quad (1.12)$$

$$1450 = 380 + 350 + 400 + 320,$$

$$696 = 182 + 154 + 192 + 154.$$

1.5.2 Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I = \frac{S}{\sqrt{3} \cdot U_H}, \text{ А} \quad (1.13)$$

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{A-1} = \frac{\sqrt{700^2 + 336^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 896 \text{ А,}$$

$$I_2 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{320^2 + 154^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 410 \text{ А,}$$

$$I_3 = I_{2-3} = \frac{\sqrt{30^2 + 14^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 38 \text{ А,}$$

$$I_4 = I_{3-4} = \frac{\sqrt{430^2 + 206^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 551 \text{ А,}$$

$$I_5 = I_{4-A} = \frac{\sqrt{750^2 + 360^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 961 \text{ A.}$$

Желілердегі есептік ток:

$$I_p = I_n \cdot \alpha_i \cdot \alpha_T, \text{ A,} \quad (1.14)$$

мұндағы I -желідегі ток, А; α –, квар [1] .

j - токтың экономикалық тығыздығы [1].

$$I_{1p} = I_1 = 896 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1035 \text{ A,}$$

$$I_{2p} = I_2 = 410 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 474 \text{ A,}$$

$$I_{3p} = I_3 = 38 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 44 \text{ A,}$$

$$I_{4p} = I_4 = 551 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 636 \text{ A,}$$

$$I_{5p} = I_5 = 961 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1110 \text{ A.}$$

Токтың экономикалық тығыздығына байланысты қиманы анықтаймыз [3]:

$$S_{\text{ЭК}} = \frac{I_p}{j_{\text{ЭК}}} , \text{ мм}^2 \quad (1.15)$$

мұндағы $j_{\text{ЭК}}$ – ты анықтамадан аламыз, [1] ол ($j_{\text{ЭК}}=1,3\text{A/мм}$) тең.

Сонымен болатты алюминилі, яғни АС маркалы сымды таңдадым, олар төмендегі 1.4 - кестеде көрсетілген.

$$S_{\text{ЭК1}} = \frac{896}{1,3} = 689 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{ЭК2}} = \frac{410}{1,3} = 315 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{ЭК3}} = \frac{38}{1,3} = 29 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{ЭК4}} = \frac{551}{1,3} = 424 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/32,$$

$$S_{\text{ЭК5}} = \frac{961}{1,3} = 739 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/32.$$

1.4-кесте – Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тоғы, кА	Ұзақ рұқсат етілген ток, кА
L ₁	180	500	ЗАС-240/32	0,896	1,815
L ₂	220	500	ЗАС-240/32	0,410	1,815
L ₃	200	500	ЗАС-240/32	0,038	1,815
L ₄	230	500	ЗАС-240/32	0,551	1,815
L ₅	190	500	ЗАС-240/32	0,961	1,815

Желінің салыстырмалы параметрлерін анықтау.

Сымның арасындағы орта геометриялық арақашықтық 500 кВ кернеу үшін: $D_{орт}=8$ м те.

Участоктар бойынша желінің параметрлерін анықтаймыз

Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$R = r_0 \cdot l, \text{ Ом} \quad (1.16)$$

мұндағы r_0 – меншікті активті кедергі, Ом/км;

l – желінің ұзындығы, км.

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$x_0 = 0,144 \cdot \log \left(\frac{D_{орт}}{r_{сым}} \right) + 0,0157, \text{ Ом/км} \quad (1.17)$$

$$X = x_0 \cdot l, \text{ Ом} \quad (1.18)$$

Желінің реактивті өткігіштігін келесідей есептеледі

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{орт}/r_{сым})}, \text{ См/км} \quad (1.19)$$

$$B = b_0 \cdot l, \text{ См} \quad (1.20)$$

мұндағы x_0 – меншікті реактивті кедергі, Ом/км;

b_0 – меншікті реактивті өткізгіштік, См/км;

$D_{орт}$ – сымның орташа диаметрі, мм;

$r_{сым}$ – сымның радиусы, мм.

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_c = U_{ном}^2 \cdot B, \text{ МВАр} \quad (1.21)$$

Желідегі қуат шығындары

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R, \text{ МВт} \quad (1.22)$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R, \text{ МВар} \quad (1.23)$$

I_{A-1} участок үшін L1 желісі:

Сым маркасы: ЗАС-240/32

Параметрлері:

$$r_0 = 0,12 \text{ Ом /км},$$

$$R = \frac{0,12 \cdot 180}{3} = 7,2 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{800}{1,08}\right) + \frac{0,0157}{3} = 0,42 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0,42 \cdot 180 = 75,6 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(800/1,08)} = 2,64 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B = 3 \cdot 2,64 \cdot 10^{-6} \cdot 180 = 14 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 500^2 \cdot 1,4 \cdot 10^{-3} = 175 \text{ МВар}.$$

Қалған L2, L3, L4, L5 желілердің параметрлері осылай есептеліп, 1.5-кестеде көрсетілген.

1.5-кесте – Таңдалған сымдардың параметрлері

Параметрлер	<i>I_{A-1}</i> участок	<i>I₁₋₂</i> участок	<i>I₂₋₃</i> участок	<i>I₃₋₄</i> участок	<i>I_{4-A'}</i> участок
<i>r</i> ₀ , Ом /км	0,12	0,12	0,12	0,12	0,12
<i>R</i> , Ом	7,2	8,8	8	9,2	7,6
<i>x</i> ₀ , Ом/км	0,42	0,42	0,42	0,42	0,42
<i>X</i> , Ом	75,6	92,4	84	96,6	79,8
<i>B</i> , 10 ⁻⁴ См	14	17,4	15,8	18,2	15
<i>Q_c</i> , МВар	175	217,5	197,5	227,5	187,5

1.5.3 Тұйықталған жүйе үшін желілердің қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы 1.9 – суретте көрсетілген.

L₁- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{705^2 + (-175,4)^2}{500^2} \cdot 7,2 = 15,2 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{705^2 + (-175,4)^2}{500^2} \cdot 75,6 = 159,6 \text{ МВАр}.$$

L₂- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{320^2 + (-63,5)^2}{500^2} \cdot 8,8 = 3,7 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{320^2 + (-63,5)^2}{500^2} \cdot 92,4 = 39,4 \text{ МВАр}.$$

L₃- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{30^2 + (-183,5)^2}{500^2} \cdot 8 = 1,1 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{30^2 + (-183,5)^2}{500^2} \cdot 84 = 11,6 \text{ МВАр}.$$

L₄- желісіндегі шығындар


$$\Delta P = \frac{432,3^2 + (-332,9)^2}{500^2} \cdot 9,2 = 11 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{432,3^2 + (-332,9)^2}{500^2} \cdot 96,6 = 115 \text{ МВАр}.$$

L₅- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{764,3^2 + (-436,3)^2}{500^2} \cdot 7,6 = 23,5 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{764,3^2 + (-436,3)^2}{500^2} \cdot 79,8 = 247,2 \text{ МВАр}.$$




1.9-сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

1.6 Тұйықталмаған жүйелерді есептеу

1.6.1 Бірінші тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу

Тұйықталмаған желілер бір қоректендіру көзінен және таратудан қоректенеді, электр энергиясын тұтынушыларға тек бір бағытта береді.

Басында алмастыру схема құрастырылады және оның параметрлері анықталады. Бұл жағдайда оның активті және реактивті кедергілері, зарядтау қуаттары.



1.10-сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады.

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{A-1} = \frac{\sqrt{1450^2 + 696^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 1857 \text{ A,}$$

$$I_2 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{1070^2 + 514^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 1371 \text{ A},$$

$$I_3 = I_{2-3} = \frac{\sqrt{720^2 + 346^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 923 \text{ A},$$

$$I_4 = I_{3-4} = \frac{\sqrt{320^2 + 154^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 410 \text{ A},$$

Желілердегі есептік ток

$$I_{1p} = I_1 = 1857 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 2145 \text{ A},$$

$$I_{2p} = I_2 = 1371 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1584 \text{ A},$$

$$I_{3p} = I_3 = 923 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1066 \text{ A},$$

$$I_{4p} = I_4 = 410 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 474 \text{ A}.$$

Сонымен болатты алюминилі, яғни АС маркалы сымды таңдадым, олар төмендегі 1.6 - кестеде көрсетілген.

$$S_{\text{эк1}} = \frac{1857}{1,3} = 1429 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 500/64,$$

$$S_{\text{эк2}} = \frac{1371}{1,3} = 1055 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 500/64,$$

$$S_{\text{эк3}} = \frac{923}{1,3} = 710 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/56,$$

$$S_{\text{эк4}} = \frac{410}{1,3} = 315 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{АС} - 240/56.$$

1.6-кесте – Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тоғы, кА	Ұзақ рұқсат етілген ток, кА
L ₁	180	500	3АС-500/64	1,857	2,835
L ₂	220	500	3АС-500/64	1,371	2,835
L ₃	200	500	3АС-240/56	0,923	1,830
L ₄	230	500	3АС-240/56	0,410	1,830

I_{A-1} участок L₁ желісі:

Сым маркасы: 3АС-500/64

Параметрлері:

$$r_0 = 0,06 \text{ Ом /км,}$$

$$R = \frac{0,06 \cdot 180}{3} = 3,6 \text{ Ом,}$$

$$x_0 = 0,41 \text{ Ом/км,}$$

$$X = 0,41 \cdot 180 = 73,8 \text{ Ом,}$$

$$B = 2,74 \cdot 10^{-6} \cdot 180 \cdot 3 = 15 \cdot 10^{-4} \text{ См,}$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 500^2 \cdot 1,5 \cdot 10^{-3} = 187,5 \text{ МВАр.}$$

Келесі L₂, L₃, L₄ желілердің параметрлері осылай есептелініп, 1.7-кестеде көрсетілген.

1.7-кесте – Таңдалған сымдардың параметрлері

Параметрлер	<i>I_{A-1} участок</i>	<i>I₁₋₂ участок</i>	<i>I₂₋₃ участок</i>	<i>I₃₋₄ участок</i>
<i>r₀</i> , Ом /км	0,06	0,06	0,024	0,024
<i>R</i> , Ом	3,6	4,4	1,6	1,84
<i>x₀</i> , Ом/км	0,41	0,41	0,42	0,42
<i>X</i> , Ом	73,8	90,2	84	96,6
<i>B</i> , 10 ⁻⁴ См	15	18	15,6	18
<i>Q_c</i> , МВАр	187,5	225	195	225

1.6.2 Бірінші тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы 1.11 – суретте көрсетілген.

L₁- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{1479^2 + 61,1^2}{500^2} \cdot 3,6 = 31,6 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{1479^2 + 61,1^2}{500^2} \cdot 73,8 = 646,8 \text{ МВАр.}$$

L₂- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{1076,6^2 + (-200,3)^2}{500^2} \cdot 4,4 = 21,1 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{1076,6^2 + (-200,3)^2}{500^2} \cdot 90,2 = 432,7 \text{ МВАр.}$$

L₃- желісіндегі шығындар


$$\Delta P = \frac{722^2 + (-185,5)^2}{500^2} \cdot 1,6 = 3,6 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{722^2 + (-185,5)^2}{500^2} \cdot 84 = 186,7 \text{ МВАр.}$$

L₄- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{320^2 + (-71)^2}{500^2} \cdot 1,84 = 0,8 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{320^2 + (-71)^2}{500^2} \cdot 96,6 = 41,5 \text{ МВАр.}$$




1.11-сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

1.6.3 Екінші тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу

Бұл есептеулер бірінші тұйықталмаған желінің есептеуі сияқты жасалады.

Басында алмастыру схема құрастырылады және оның параметрлері анықталады. Бұл жағдайда оның активті және реактивті кедергілері, зарядтау қуаттары.



1.12-сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады.

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{A-1} = \frac{\sqrt{730^2 + 350^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 935 \text{ A},$$

$$I_2 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{350^2 + 168^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 448 \text{ A},$$

$$I_3 = I_{A-3} = \frac{\sqrt{720^2 + 346^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 923 \text{ A},$$

$$I_4 = I_{3-4} = \frac{\sqrt{320^2 + 154^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 410 \text{ A}.$$

Желілердегі есептік ток

$$I_{1p} = I_1 = 935 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1080 \text{ A},$$

$$I_{2p} = I_2 = 448 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 517 \text{ A},$$

$$I_{3p} = I_3 = 923 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 1066 \text{ A},$$

$$I_{4p} = I_4 = 410 \cdot 1,05 \cdot 1,1 = 474 \text{ A}.$$

Сонымен болатты алюминилі, яғни АС маркалы сымды таңдадым, олар төмендегі 1.8 - кестеде көрсетілген.

$$S_{\text{эк1}} = \frac{935}{1,3} = 719 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{AC} - 240/32,$$

$$S_{\text{эк2}} = \frac{448}{1,3} = 345 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{AC} - 240/32,$$

$$S_{\text{эк3}} = \frac{923}{1,3} = 710 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{AC} - 240/32,$$

$$S_{\text{эк4}} = \frac{410}{1,3} = 315 \text{ мм}^2, \quad 3 \times \text{AC} - 240/32.$$

1.8-кесте – Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тоғы, кА	Ұзақ рұқсат етілген ток, кА
L ₁	180	500	3АС-240/32	0,935	1,815
L ₂	220	500	3АС-240/32	0,448	1,815
L ₃	200	500	3АС-240/32	0,923	1,815
L ₄	230	500	3АС-240/32	0,410	1,815

I_{A-1} учаскок L₁ желісі:

Сым маркасы: 3АС-240/32

Параметрлері:

$$r_0 = 0,12 \text{ Ом /км},$$

$$R = \frac{0,12 \cdot 180}{3} = 7,2 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,42 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0,42 \cdot 180 = 75,6 \text{ Ом},$$

$$B = 3 \cdot 2,64 \cdot 10^{-6} \cdot 180 = 14 \cdot 10^{-4} \text{ См},$$

$$Q_c = \frac{1}{2} \cdot 500^2 \cdot 1,4 \cdot 10^{-3} = 175 \text{ МВАр}.$$

Келесі L₂, L₃, L₄ желілердің параметрлері осылай есептелініп, 1.9-кестеде көрсетілген.

1.9-кесте – Таңдалған сымдардың параметрлері

Параметрлер	I_{A-1} участок	I_{1-2} участок	I_{2-3} участок	I_{3-4} участок
r_0 , Ом /км	0,12	0,12	0,12	0,12
R , Ом	7,2	8,8	8	9,2
x_0 , Ом/км	0,42	0,42	0,42	0,42
X , Ом	75,6	92,4	84	96,6
B , 10^{-4} См	14	17,4	15,8	18,2
Q_c , МВАр	175	217,5	197,5	227,5

1.6.4 Екінші тұйықталмаған жүйе үшін желілердің қуат шығындары
Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру
схемасы 1.13 – суретте көрсетілген.

L_{A-1} желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{735,7^2 + (-154,6)^2}{500^2} \cdot 7,2 = 16,3 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{735,7^2 + (-154,6)^2}{500^2} \cdot 75,6 = 170,9 \text{ МВАр}.$$

L_{1-2} желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{350^2 + (-49,5)^2}{500^2} \cdot 8,8 = 4,4 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{350^2 + (-49,5)^2}{500^2} \cdot 92,4 = 46,2 \text{ МВАр}.$$

L_{A-3} желісіндегі шығындар


$$\Delta P = \frac{725,2^2 + (-192,8)^2}{500^2} \cdot 8 = 18 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{725,2^2 + (-192,8)^2}{500^2} \cdot 84 = 189,2 \text{ МВАр}.$$

L_{3-4} желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{320^2 + (-73,5)^2}{500^2} \cdot 9,2 = 4 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{320^2 + (-73,5)^2}{500^2} \cdot 96,6 = 41,7 \text{ МВАр}.$$



1.13-сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

1.7 Техника-экономикалық есептеулер

Энергетикалық компанияның жеке жақтарының қызметін сипаттайтын тиімділік жүйесінің көрсеткіші, оның менеджментінің сапасына жан-жақты баға беруге мүмкіндік береді. Осындай баға компанияның басшылығына қалай қажет болса, электр энергиясын қолданушыларға да, реттеуші органдарға да, қоғамдық топтарға (экология қорғаушыларына) да және сыртқы инвесторларға да сондай қажет.

1.7.1 Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар

1.10-кесте – Тандалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы, млн.тг
L ₁	180	500	ЗАС-240/32	Үштізбекті сым	38,64
L ₂	220	500	ЗАС-240/32		38,64
L ₃	200	500	ЗАС-240/32		38,64
L ₄	230	500	ЗАС-240/32		38,64
L ₅	190	500	ЗАС-240/32		38,64

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_{\text{л}} = \sum K_0 \cdot l, \text{ млн. тг} \quad (1.24)$$

$$K_{\text{л}} = K_{\text{л1}} + K_{\text{л2}} + K_{\text{л3}} + K_{\text{л4}} + K_{\text{л5}} + K_{\text{л6}}, \text{ млн. тг} \quad (1.25)$$

мұндағы $K_{\text{л1}}$ - желінің толық құны,
 K_0 - желінің құны, тг;
 l - желінің ұзындығы, км.

$$K_{\text{л}} = 38,64 \cdot (180 + 220 + 200 + 230 + 190) = 39412,8 \text{ млн. тг.}$$

1.11-кесте – Таңдалған трансформатордың бағаларының берілгендері

Қосалқы станциясы	Трансформатор типі	Бағасы, млн.тг
№1	ТЦ-400000/500	334,4
№2	ТЦ-400000/500	334,4
№3	АТДЦТН – 500000/500/220	392
№4	ТЦ-400000/500	334,4

$$K_{\text{пс}} = K_{\text{пс1}} + K_{\text{пс2}} + K_{\text{пс3}} + K_{\text{пс4}}, \text{ млн. тг} \quad (1.26)$$

мұндағы $K_{\text{пс}}$ – қосалқы станцияның толық бағасы.

$$K_{\text{пс}} = (334,4 + 334,4 + 392 + 334,4) \cdot 2 + (260 + 260 + 260 + 260) \cdot 4 = 6118,4 \text{ млн. тг.}$$

$$K = K_{\text{пс}} + K_{\text{л}}, \text{ млн. тг} \quad (1.27)$$

$$K = 39412,8 + 6118,4 = 45531,2 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

$$I_{\text{т}} = I_{\text{пс}} + I_{\text{л}} + I_{\Delta w}, \text{ млн. тг} \quad (1.28)$$

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесідей есептейміз

$$I_{\text{л}} = \frac{\alpha_{\text{а}} + \alpha_{\text{в}}}{100} \cdot K_{\text{л}}, \text{ млн. тг} \quad (1.29)$$

мұндағы $\alpha_a=2,4$ [1]; $\alpha_6=0,4$ [1];

$$I_{\text{л}} = \frac{2,4 + 0,4}{100} \cdot 39412,8 = 1103,56 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды келесі формула арқылы есептейміз.

$$I_{\text{пс}} = \frac{\alpha_a + \alpha_p}{100} \cdot K_{\text{пс}}, \text{ млн. тг} \quad (1.30)$$

мұндағы $\alpha_a=2$; [1], $\alpha_p=6,4$. [1]

$$I_{\text{пс}} = \frac{2 + 6,4}{100} \cdot 6118,4 = 583,83 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз: Максималдық жүктеменің жылдық сағаты $T_{\text{мах}}=5600$ сағ.

$$\tau = \left(0,124 + \frac{5600}{10000}\right)^2 \cdot 8760 = 4098,4 \text{ сағ.}$$

Желідегі активті қуаттың тұрақты шығыны:

$$\Delta P_{\text{пост}} = \Delta P_{xx} \cdot n, \text{ МВт} \quad (1.31)$$

$$\Delta P_{\text{пост1}} = 0,8 \cdot 2 = 1,6 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{\text{пост2}} = 0,23 \cdot 2 = 0,46 \text{ МВт.}$$

Желідегі активті қуаттың айнымалы шығыны:

$$\Delta P_{\text{мах}} = 3 \cdot I^2 R_{\Sigma}, \text{ МВт} \quad (1.32)$$

$$\Delta P_{\text{мах1}} = 3 \cdot 0,896^2 \cdot (7,2 + 0,7) = 19,03 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{\text{мах2}} = 3 \cdot 0,41^2 \cdot (8,8 + 0,7) = 4,79 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{\text{мах3}} = 3 \cdot 0,038^2 \cdot (8 + 0,525) = 0,04 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{\text{мах4}} = 3 \cdot 0,551^2 \cdot (9,4 + 0,7) = 9,02 \text{ МВт}$$

$$\Delta P_{\text{мах5}} = 3 \cdot 0,961^2 \cdot 7,6 = 21,1 \text{ МВт}$$

$$I_{\Delta w} = \beta \cdot (\tau \cdot \Delta P_{\text{мах}} + 8760 \cdot \Delta P_{\text{пост}}) \text{ млн. тг} \quad (1.33)$$

$$I_{\Delta w1} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 19,03 + 8760 \cdot 1,6) = 138 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w2} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 4,79 + 8760 \cdot 1,6) = 50,47 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w3} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 0,04 + 8760 \cdot 0,46) = 6,29 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w4} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 9,02 + 8760 \cdot 1,6) = 76,47 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w5} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot 4098,4 \cdot 21,1 = 129,7 \text{ млн. тг}$$

$$И_{\Delta w} = 138 + 50,47 + 6,29 + 76,47 + 129,7 = 400,93 \text{ млн. тг}$$

$$И = 1103,56 + 583,83 + 400,93 = 2088,32 \text{ млн. тг.}$$

1 жылдық келтірілген шығындарды есептейміз

$$З_i = p_n \cdot \sum K + И \text{ млн. тг} \quad (1.34)$$

$$З_i = 0,15 \cdot 45531,2 + 2088,32 = 8848,11 \text{ млн. тг.}$$

1.7.2 Бірінші тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар

Технико-экономикалық көрсеткіштерге ең алдымен жобаның арзандылығы, электр энергияны таратудың жоғары сенімділігі және объектінің өзі мен оның кейбір бөліктерінің ұзақ эксплуатациясы, желінің номиналды кернеуінің шамасы, сымға кететін түсті металлдардың шығыны.

Тұйықталмаған желінің технико-экономикалық есебі тұйықталған желінің есептеуіндей жүргізіледі.

1.12-кесте – Тандалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы, млн.тг
L ₁	180	500	ЗАС-500/64	Үштізбекті сым	49,6
L ₂	220	500	ЗАС-500/64		49,6
L ₃	200	500	ЗАС-240/56		38,64
L ₄	230	500	ЗАС-240/56		38,64

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_{\text{л}} = 49,6 \cdot 180 + 49,6 \cdot 220 + 38,64 \cdot 200 + 38,64 \cdot 230 = 41168 \text{ млн. тг.}$$

$$K = 41168 + 6118,4 = 47286,4 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесідей есептейміз

$$И_{л} = \frac{2,4 + 0,4}{100} \cdot 41168 = 1152,7 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды келесі формула арқылы есептейміз.

$$И_{пс} = \frac{2 + 6,4}{100} \cdot 6118,4 = 583,83 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз:

$$\tau = \left(0,124 + \frac{5600}{10000}\right)^2 \cdot 8760 = 4098,4 \text{ сағ,}$$

Желідегі активті қуаттың айнымалы шығыны:

$$\Delta P_{max1} = 3 \cdot 1,857^2 \cdot (3,6 + 0,7) = 44,5 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max2} = 3 \cdot 1,371^2 \cdot (4,4 + 0,7) = 28,8 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max3} = 3 \cdot 0,923^2 \cdot (1,6 + 0,525) = 5,4 \text{ МВт,}$$

$$\Delta P_{max4} = 3 \cdot 0,41^2 \cdot (1,84 + 0,7) = 1,3 \text{ МВт.}$$

$$И_{\Delta w1} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 44,5 + 8760 \cdot 1,6) = 294,59 \text{ млн. тг,}$$

$$И_{\Delta w2} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 28,8 + 8760 \cdot 1,6) = 198,1 \text{ млн. тг,}$$

$$И_{\Delta w3} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 5,4 + 8760 \cdot 0,46) = 39,24 \text{ млн. тг,}$$

$$И_{\Delta w4} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 1,3 + 8760 \cdot 1,6) = 29 \text{ млн. тг,}$$

$$И_{\Delta w} = 294,59 + 198,1 + 39,24 + 29 = 560,93 \text{ млн. тг.}$$

$$И = 1152,7 + 583,83 + 560,93 = 2227,5 \text{ млн. тг.}$$

1 жылдық келтірілген шығындарды есептейміз

$$З_i = 0,15 \cdot 47286,4 + 2227,5 = 9320,46 \text{ млн. тг.}$$

1.7.3 Екінші тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар

Технико-экономикалық көрсеткіштерге ең алдымен жобаның арзандылығы, электр энергияны таратудың жоғары сенімділігі және объектінің өзі мен оның кейбір бөліктерінің ұзақ эксплуатациясы, желінің номиналды кернеуінің шамасы, сымға кететін түсті металлдардың шығыны.

Тұйыталмаған желінің технико-экономикалық есебі тұйықталған желінің есептеуіндей жүргізіледі.

1.13-кесте – Таңдалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы, млн.тг
L ₁	180		ЗАС-240/32	Үштізбекті	38,64
L ₂	220		ЗАС-240/32		38,64
L ₃	200		ЗАС-240/32		38,64
L ₄	230		ЗАС-240/32		38,64

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_{\text{л}} = 38,64 \cdot (180 + 220 + 200 + 230) = 32071,2 \text{ млн. тг.},$$

$$K = 32071,2 + 6118,4 = 38189,6 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесідей есептейміз

$$I_{\text{л}} = \frac{2,4 + 0,4}{100} \cdot 32071,2 = 897,99 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды келесі формула арқылы есептейміз.

$$I_{\text{пс}} = \frac{2 + 6,4}{100} \cdot 6118,4 = 583,83 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз:

$$\tau = \left(0,124 + \frac{5600}{10000} \right)^2 \cdot 8760 = 4098,4 \text{ сағ.}$$

Желідегі активті қуаттың тұрақты шығыны:

$$\Delta P_{\text{пост1}} = 0,105 \cdot 2 = 0,21 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{пост2}} = 0,085 \cdot 2 = 0,17 \text{ МВт}.$$

Желідегі активті қуаттың айнымалы шығыны:

$$\Delta P_{\text{max1}} = 3 \cdot 0,935^2 \cdot (7,2 + 0,7) = 20,72 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{max2}} = 3 \cdot 0,448^2 \cdot (8,8 + 0,7) = 5,72 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{max3}} = 3 \cdot 0,923^2 \cdot (8 + 0,525) = 21,79 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{max4}} = 3 \cdot 0,41^2 \cdot (9,2 + 0,7) = 4,99 \text{ МВт}.$$

$$И_{\Delta w1} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 20,72 + 8760 \cdot 1,6) = 148,4 \text{ млн. тг},$$

$$И_{\Delta w2} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 5,72 + 8760 \cdot 1,6) = 56,2 \text{ млн. тг},$$

$$И_{\Delta w3} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 21,79 + 8760 \cdot 0,46) = 140 \text{ млн. тг},$$

$$И_{\Delta w4} = 1,5 \cdot 10^{-3} \cdot (4098,4 \cdot 4,99 + 8760 \cdot 1,6) = 51,7 \text{ млн. тг},$$

$$И_{\Delta w} = 148,4 + 56,2 + 140 + 51,7 = 396,3 \text{ млн. тг}.$$

$$И = 897,99 + 583,83 + 396,3 = 1878,24 \text{ млн. тг}.$$

1 жылдық келтірілген шығындарды есептейміз

$$З_i = 0,15 \cdot 38189,6 + 1878,24 = 7566,59 \text{ млн. тг}.$$

Қорыта келгенде, технико-экономикалық есептеуге сүйене отыра екінші тұйықталмаған жүйенің схемасын қолданған тиімді болатынын анықтап, тұйықталмаған жүйені таңдаймын.

1.8 Кернеу шығындарын есептеу

Желінің бойлық шығынын елесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\Delta U = \frac{P \cdot R + jQ \cdot X}{U_{\text{ном}}}, \text{ кВ} \quad (1.35)$$

мұндағы U – шинадан шығатын кернеу.

Желінің көлденең шығынын келесі формула арқылы табады:

$$\delta U = \frac{P \cdot X - jQ \cdot R}{U_{\text{ном}}}, \text{ кВ} \quad (1.36)$$

$$U_i = U_i - \Delta U - j\delta U \text{ кВ}, \quad (1.37)$$

I_{A-1} участок үшін L1 желісі:

ЗАС-240/32

$$\Delta U_1 = \frac{752 \cdot 7,2 + 16,3 \cdot 75,6}{525} = 12,66 \text{ кВ},$$

$$\delta U_1 = \frac{752 \cdot 75,6 - 16,3 \cdot 7,2}{525} = 108,1 \text{ кВ},$$

$$|U_1| = \sqrt{(525 - 12,66)^2 + 108,1^2} = 523,62 \text{ кВ}.$$

Қосалқы станциядағы трансформатор шығыны:

$$\Delta U_T = \frac{381,3 \cdot 1,4 + 241,2 \cdot 89,5}{523,62} = 42,25 \text{ кВ},$$

$$\delta U_T = \frac{381,3 \cdot 89,5 - 241,2 \cdot 1,4}{523,62} = 64,53 \text{ кВ},$$

$$|U_T^B| = \sqrt{(523,62 - 42,25)^2 + 64,53^2} = 485,67 \text{ кВ}.$$

Трансформаторлардың төменгі жағындағы кернеу:

$$U_T^H = U_1 \cdot \frac{U_{\text{HH}}}{U_{\text{BH}}} = 485,67 \cdot \frac{20}{525} = 18,5 \text{ кВ}.$$

I₁₋₂ участок үшін L2 желісі:

ЗАС-240/32

$$\Delta U_2 = \frac{354,4 \cdot 8,8 + (-3,3) \cdot 92,4}{523,62} = 5,37 \text{ кВ},$$

$$\delta U_2 = \frac{354,4 \cdot 92,4 - (-3,3) \cdot 8,8}{523,62} = 62,59 \text{ кВ},$$

$$|U_2| = \sqrt{(523,62 - 5,37)^2 + 62,59^2} = 522,02 \text{ кВ.}$$

Қосалқы станциядағы трансформатор шығыны:

$$\Delta U_T = \frac{351 \cdot 1,4 + 218,5 \cdot 89,5}{522,02} = 38,4 \text{ кВ,}$$

$$\delta U_T = \frac{351 \cdot 89,5 - 218,5 \cdot 1,4}{522,02} = 59,59 \text{ кВ,}$$

$$|U_T^B| = \sqrt{(522,02 - 38,4)^2 + 59,59^2} = 487,28 \text{ кВ.}$$

Трансформаторлардың төменгі жағындағы кернеу:

$$U_T^H = U_1 \cdot \frac{U_{HH}}{U_{BH}} = 487,28 \cdot \frac{20}{525} = 18,56 \text{ кВ.}$$

I_{A-3} участок үшін L3 желісі:
ЗАС-240/32

$$\Delta U_3 = \frac{743,2 \cdot 8 + (-3,6) \cdot 84}{522,02} = 10,81 \text{ кВ,}$$

$$\delta U_3 = \frac{743,2 \cdot 84 - (-3,6) \cdot 8}{522,02} = 119,65 \text{ кВ,}$$

$$|U_3| = \sqrt{(522,02 - 10,81)^2 + 119,65^2} = 525,03 \text{ кВ.}$$

Қосалқы станциядағы трансформатор шығыны:

$$\Delta U_T = \frac{401,2 \cdot 1,05 + 264 \cdot 57}{525,03} = 29,46 \text{ кВ,}$$

$$\delta U_T = \frac{401,2 \cdot 57 - 264 \cdot 1,05}{525,03} = 43,03 \text{ кВ,}$$

$$|U_T^B| = \sqrt{(525,03 - 29,46)^2 + 43,03^2} = 497,43 \text{ кВ.}$$

Трансформаторлардың төменгі жағындағы кернеу:

$$U_T^H = U_1 \cdot \frac{U_{HH}}{U_{BH}} = 497,43 \cdot \frac{230}{500} = 228,8 \text{ кВ.}$$

I₃₋₄ участок үшін L4 желісі:
ЗАС-240/32

$$\Delta U_1 = \frac{324 \cdot 9,2 + (-31,8) \cdot 96,6}{525,03} = -0,17 \text{ кВ},$$

$$\delta U_1 = \frac{324 \cdot 96,6 - (-31,8) \cdot 9,2}{525,03} = 60,2 \text{ кВ},$$

$$|U_1| = \sqrt{(525,03 - (-0,17))^2 + 60,2^2} = 528,64 \text{ кВ}.$$

Қосалқы станциядағы трансформатор шығыны:

$$\Delta U_T = \frac{321 \cdot 1,4 + 196,6 \cdot 89,5}{528,64} = 34,1 \text{ кВ},$$

$$\delta U_T = \frac{321 \cdot 89,5 - 196,6 \cdot 1,4}{528,64} = 53,83 \text{ кВ},$$

$$|U_T^B| = \sqrt{(528,64 - 34,1)^2 + 53,83^2} = 497,46 \text{ кВ}.$$

Трансформаторлардың төменгі жағындағы кернеу:


$$U_T^H = U_1 \cdot \frac{U_{HH}}{U_{BH}} = 497,46 \cdot \frac{20}{525} = 18,95 \text{ кВ}.$$

1.9 Қысқа тұйықталу тогын есептеу


Қысқа тұйықталу токтарын есептеу үшін трансформаторлар бөлек жұмыс істейді деп есептей отырып, электрмен жабдықтау жүйесінің қалыпты жұмыс режиміне сәйкес жобалау схемасын және алмастыру схемасын жасау қажет.

Қысқа тұйықталу токтарын есептеу екі әдістің бірімен жүзеге асырылады: аталған бірліктер әдісімен немесе салыстырмалы бірліктер әдісімен. Қысқа тұйықталу токтарын есептеу салыстырмалы бірліктерде жүзеге асырылады. Берілген қысқа тұйықталу қуаты бойынша қысқа тұйықталудың тұрақты токтарын есептеу жүргізіледі.

Қысқа тұйықталу тогын есептеу кезіндегі қолданылған есептік схемасы 1.14 – суретте келтірілген, ал алмастыру схемасы 1.15 – суретте көрсетілген.



1.14-сурет – Есептік схема



1.15-сурет – Алмастыру схемасы

Қысқа тұйықталу (қ.т.) тогын есептегенде келесідей шамалар анықталады:

J'' - қ.т. тогының периодты құрауышының алғашқы мәні;

i_y - электр аппараттарын, оқшауламаларды, шиналарды динамикалық тұрақтылыққа тексеретін, қ.т. соққы тогы;

I_y - қ.т. бірінші кезеңіндегі электрлік аппараттарды динамикалық тұрақтылыққа тексеру үшін толық қ.т. тогының үлкен әсер ету мәні;

$I_{0,2}$ - ажыратқыштарды тексеру үшін $t = 3$ с кезіндегі токтың мәні;

I_∞ - электрлік аппараттарды, оқшауламаларды, шиналарды, кабельдерді

Салыстырмалы бірлікте базистік қуат ретінде 100 МВ·А аламын. Әр қадам үшін базистік кернеуім 525 және 20 кВ тең деп алдым.

$$S_{K3} = \sqrt{3} \cdot 2 \cdot 500 = 1732 \text{ МВА}$$

Жүйе кедергісі:

$$X_{c*} = \frac{S_6}{S_{K3}}, \quad (1.38)$$

$$X_{c*} = \frac{100}{1732} = 0,058.$$

Желінің кедергісі:

$$X_{л*} = X_0 \cdot l \cdot \frac{S_6}{U_6^2}, \quad (1.39)$$

$$X_{л*} = 0,42 \cdot 180 \cdot \frac{100}{525^2} = 0,027.$$

Трансформаторлардың кедергісі:

